



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2022 жылғы 5-12 тамыз аралығындағы
жекелеген дамушы елдердің валюталарына шолу

2022 жыл, 15 тамыз


Сауда-саттық қорытындысы бойынша, 12 тамызда теңгенің нарықтық бағамы бір аптада 0,4%-ға (477,98 теңгеден) нығайып, 1 АҚШ доллары үшін 476,01 теңге деңгейінде қалыптасты. Сыртқы валюта нарығында бірқатар маңызды оқиға болды. Олардың ішінде негізгісі – шілденің қорытындысы бойынша жылдық мәнде 8,5%-ды (бір ай бұрын 9,1%) құраған АҚШ-тағы инфляцияға қатысты деректердің шығуы. Талдаушылардың болжамынан төмен болған тұтынушылық инфляцияның баяулауы инвесторлардың көңіл-күйін монетарлық саясатты жеңілдету жағына қарай АҚШ ФРЖ риторикасын өзгертуге ауыстырды.

Дамушы нарықтардағы валюталар бағамының¹ АҚШ долларына қатысты динамикасы төмендегідей қалыптасты:


- **Оңтүстік Африка ранды** шетел капиталының көп мөлшерде әкелінуі және АҚШ-тағы мөлшерлемелердің арту тәуекелдерінің төмендеуі аясында 3,6%-ға (16,78-ден 16,17-ге дейін) нығайды;
- **Мексика песосы** есептік мөлшерлемені 8,5% рекордтық деңгейге дейін 75 базистік тармаққа көтеру және жаһандық тәуекел-сентименттің жақсаруы аясында 2,7%-ға (20,4-тен 19,85-ке дейін) нығайды;
- **Бразилия реалы** АҚШ долларының DXY индексінің төмендеуі аясында 1,7%-ға (5,17-ден 5,08-ге дейін) нығайды;
- **Индонезия рупиясы** пальма майы экспортының өсуі, сауда балансының профициті және ОБ пайыздық мөлшерлемелерінің көтерілу перспективасы аясында 1,5%-ға (14894-тен 14668-ге дейін) нығайды;
- **Ресей рублі** 60,58-ден 60,61-ге дейін аздап әлсіреді;
- **түрік лирасы** жылдық инфляцияның рекордтық деңгейі аясында 0,2%-ға (17,92-ден 17,95-ке дейін) әлсіреді;
- **үнді рупиясы** елдегі шетел валютасына сұраныстың өсуі және шикі мұнайға жоғары бағалардың орын алуы аясында 0,5%-ға (79,24-тен 79,65-ке дейін) әлсіреді.

¹ АҚШ долларына қатысты көлемдер тұрғысынан барынша саудаланатын дамушы елдердің валюталары



**Дамушы елдердегі валюталар бағамының АҚШ долларына қатысты өзгеруі, %
(2022 жылдың басынан бастап 12 тамызға дейінгі аралықта)**



**Дамушы елдердегі валюталар бағамының АҚШ долларына қатысты өзгеруі, %
(2022 жылғы 5-12 тамыз аралығында)**



Дамушы елдердегі валюталардың динамикасы
(2022 жылғы 29 шілде = 100, индекстің өсуі – валютаның нығаюы)



Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы алуына болады:

8 (7172) 77–52–10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz